

2026 жылдың мамыр айында Халықаралық ақша аударымдарының жүйелері (бұдан әрі – ХААЖ) арқылы 55,4 млрд. теңгеге 150,9 мың ақша аударымдары жіберілген. 2026 жылдың сәуір айымен салыстырғанда ақша аударымдарының саны 5,4%-ға, көлемі 2,7%-ға төмендеді.

Қазақстанның банктері және «Қазпочта» АҚ өзінің клиенттеріне Золотая корона, Western Union, MoneyGram, сияқты жүйелер және басқа ХААЖ арқылы ақша аудару бойынша қызметтер көрсетеді.

ХААЖ-ны Қазақстан халқы ел аумағында аударымдарды жүргізу және сол сияқты шетелге/шетелден ақша аударымдарын алу/жіберу үшін пайдаланады.

2026 жылдың мамыр айында Қазақстан аумағында жүргізілген ақша аударымдарының үлесі ХААЖ арқылы жіберілген ақша аударымдарының жалпы санының 2,8% және жалпы сомасының 3,4% құрайды. Шетелге жіберілген ақша аударымдарының үлесі тиісінше 97,2% және 96,6% құрайды.

ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ АҚША АУДАРЫМДАРЫ

ШЕТЕЛГЕ ЖІБЕРІЛГЕН АҚША АУДАРЫМДАРЫ

2026 жылдың мамыр айында шетелге ХААЖ арқылы 53,5 млрд. теңге сомаға 146,7 мың транзакция жіберілді. 2026 жылдың сәуір айымен салыстырғанда жіберілген ақша аударымдарының саны 5,4%-ға, көлемі 2,5%-ға төмендеді.

Қазақстаннан шетелге жіберілген ақша көлемі бойынша келесі елдер көш бастап тұр: Ресей – 18,3 млрд. теңге (жалпы соманың үлесі – 34,2%), Өзбекстан – 17,6 млрд. теңге (үлесі – 32,9%), Түркия – 7,4 млрд. теңге (үлесі – 13,9%), Грузия – 3,2 млрд. теңге (үлесі – 6,1%), сондай – ақ Қырғызстан – 1,5 млрд. теңге (үлесі – 2,7%).

Ақша аударымдарының жүйелері бойынша

Жүйе	Саны (мың транзакция)	Жалпы сандағы үлесі, %- бен	Сомасы (млн. теңге)	Жалпы сомадағы үлесі, %-бен
Золотая Корона	134,37	91,6%	45 067,58	84,2%
Вестерн Юнион	7,73	5,3%	6 428,43	12,0%
MONEYGRAM	0,93	0,6%	977,51	1,8%
UPT	1,01	0,7%	697,35	1,3%
Басқа ақша аудару жүйелері	2,66	1,8%	363,76	0,7%
Жалпы жиынтығы	146,69	100,0%	53 534,63	100,0%

Елдер бойынша


Ел	Саны (мың транзакция)	Жалпы сандағы үлесі, %- бен	Сомасы (млн. теңге)	Жалпы сомадағы үлесі, %-бен
Ресей	95,27	65,0%	18 334,93	34,2%
Өзбекстан	23,50	16,0%	17 631,69	32,9%
Түркия	14,99	10,2%	7 430,70	13,9%
Грузия	1,67	1,1%	3 241,04	6,1%
Қырғызстан	2,77	1,9%	1 469,15	2,7%
Әзірбайжан	0,94	0,6%	1 143,93	2,1%
Қытай	0,76	0,5%	960,70	1,8%

Армения	0,53	0,4%	670,66	1,3%
Корея Республикасы	1,22	0,8%	527,96	1,0%
Тәжікстан	1,47	1,0%	492,49	0,9%
Басқалар	3,57	2,4%	1 631,38	3,0%
Жалпы қорытынды	146,69	100,0%	53 534,63	100,0%


Валюталар бойынша

ХААЖ арқылы шетелге жіберілген аударымдардың негізгі үлесі қазақстандық теңгеде (жіберілген аударымдардың жалпы санындағы үлесі 75,6%, жіберілген аударымдардың жалпы көлеміндегі үлесі 60,0%) және АҚШ долларымен (тиісінше 11,9% және 29,4%) жүргізілді.

Жіберілген аударымдардың жалпы санындағы үлесі



Жіберілген аударымдардың жалпы көлеміндегі үлесі



ШЕТЕЛДЕН АЛЫНҒАН АҚША АУДАРЫМДАРЫ

2026 жылдың мамыр айында Қазақстанға шетелден ХААЖ арқылы 15,1 млрд. теңге сомаға 38,8 мың ақша аударымдары жүргізілді. 2026 жылдың сәуір айымен салыстырғанда шетелден түскен ақша аударымдарының саны 12,7%-ға, көлемі 7,4%-ға төмендеді.

Шетелден алынған ақша көлемі бойынша келесі елдер көш бастап тұр: Ресей - 3,7 млрд. теңге (жалпы соманың үлесі – 24,5%), Америка Құрама Штаттары – 2,7 млрд. теңге (үлесі – 17,7%), Түркия – 1,6 млрд. теңге (үлесі – 10,9%), Германия – 1,2 млрд. теңге (үлесі – 8,4%), сондай-ақ Өзбекстан – 1,2 млрд. теңге (үлесі – 8,3%).

Ақша аударымдарының жүйелері бойынша

Жүйе	Саны (мың транзакция)	Жалпы санындағы үлесі, %-бен	Сома (млн. теңге)	Жалпы сомадағы үлесі, %-бен
Золотая Корона	14,06	35,3%	6 512,82	43,3%
Вестерн Юнион	15,93	40,0%	5 467,39	36,3%
MONEYGRAM	7,64	19,2%	2 854,08	19,0%
UPT	0,09	0,2%	20,91	0,1%
Басқа ақша аудару жүйелері	2,07	5,2%	197,12	1,3%
Жалпы жиынтығы	39,80	100,0%	15 052,33	100,0%


Елдер бойынша

Ел	Саны (мың транзакция)	Жалпы сандағы үлесі, %-бен	Сомасы (млн. теңге)	Жалпы сомадағы үлесі, %-бен
Ресей	11,55	29,0%	3 690,20	24,5%
Америка Құрама Штаттары	6,39	16,0%	2 667,44	17,7%
Түркия	4,29	10,8%	1 634,98	10,9%
Германия	6,05	15,2%	1 261,37	8,4%
Өзбекстан	1,68	4,2%	1 247,86	8,3%
Корея Республикасы	1,28	3,2%	751,11	5,0%
Грузия	0,88	2,2%	519,25	3,4%
Қырғызстан	0,57	1,4%	450,38	3,0%
Қытай	0,21	0,5%	309,23	2,1%
Әзірбайжан	0,34	0,8%	245,38	1,6%
Басқалар	6,58	16,5%	2 275,13	15,1%
Жалпы қорытынды	39,80	100,0%	15 052,33	100,0%

Валюталар бойынша

ХААЖ арқылы шетелден алынған ақша аударымдарының негізгі үлесі АҚШ долларымен (алынған аударымдардың жалпы санының 45,1% және жалпы сомасының 55,2%) және қазақстандық теңге (тіісінше 30,5% және 26,4%) жүргізілді.

Алынған аударымдардың жалпы санындағы үлесі



Алынған аударымдардың жалпы көлеміндегі үлесі

